

БАС ҚАЛА ҚАЛАЙ ЖӘНЕ ҚАЙ БАҒЫТТА ӨРЛЕЙДІ?

4-БЕТ | МӘСЛИХАТҚА – 30 ЖЫЛ



ПРОЗАДАҒЫ ҰЛТТЫҚ ИДЕОЛОГИЯ

6-БЕТ | РУХАНИЯТ



Қасым-Жомарт ТОҚАЕВ, ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫНЫҢ ПРЕЗИДЕНТІ:

Келесі түйткіл – ысырапшылдық. Шын мәнінде, ырыстың бастауы – үнемшілдік. Дамыған елдерде жарық пен суға дейін үнемдеп пайдалану жоғары деңгейдегі қоғамдық мәдениетке айналған. Ал бізде бұған мүлде кереғар жағдай қалыптасқан. Миллиондаған адамның ысырапшылдығы бүкіл елдің байлығын желге ұшырады. Мысалы, су мәселесі. Бізде суды үнемдеуге байланысты қалыптасқан дәстүр жоқ. Оны ашық мойындауымыз керек. Ал су болашақтың байлығы екенін бүкіл әлем мойындайды. Бұл – Қазақстан үшін аса маңызды мәселе.

№83 (4671) Сенбі 13 шілде 2024 жыл



ASTANA



РЕСПУБЛИКАЛЫҚ ҚОҒАМДЫҚ-САЯСИ ГАЗЕТ

A Q S H A M Y

1990 ЖЫЛҒЫ 13 ҚАЗАННАН БАСТАП ШЫҒАДЫ



БАС ЖҮЛДЕ – ПРЕЗИДЕНТ КУБОГЫ

Астана қаласындағы Beeline arena ұлттық теннис орталығының жазғы хард корттарында 14-28 шілде аралығында Президент кубогы үшін ATP Challenger Tour және ITF World Tennis Tour жарыстары өтеді.

Президент кубогы үшін дәстүрлі халықаралық турнир 17 рет ұйымдастырылып отыр. 2007 жылы жарыс халықаралық мәртебеге ие болды. Биыл аталмыш додада Қазақстан намысын Григорий Ломакин, Әмір Омарханов, Аружан Сағндықова, Соня Жиенбаева, Асылжан Арыстанбекова, Сандуғаш Кенжебаева қорғайды.

ОЙЫН-САУЫҚТАН ҚАЛМАҢЫЗ!

Қала тұрғындары мен қонақтарына арналған «Creative summer» жобасы аясында жаз бойы, әр сенбі және жексенбі күндері шығармашылық ұжымдардың қойылымдарымен, флешмобтармен ойын-сауық бағдарламасы өтпек. Жоба қалалық алаң, Есіл өзенінің жағалауы, Жерұйық және Жетісу саябақтарында кезең-кезеңімен өтеді.

Бұл жобаға елорданың Белсенді ұзақ өмір сүру орталығы, вокалдық үйірмелер, эстрадалық студиялар, заманауи би бағыттарының хореографиялық академиялары, түрлі шығармашылық студиялар, шығармашылық жоғарғы оқу орны студенттері тартылды. Күндізгі бағдарлама сағат 16:00-де басталады, орындар апта сайын өзгереді, алдағы іс-шараның хабарландырулары @madeniet_direkciya аккаунтында жарияланады.

ӘЛЕУМЕТТІК КӘСІПКЕРЛІККЕ ҚОЛДАУ БЕРІЛЕДІ

Астана қаласында әлеуметтік кәсіпкерлікті дамытуға айрықша маңыз беріліп келеді. Әлеуметтік салаға қатысты кәсіп жүргізушілерге арналған бағдарламалар іске қосылған. Бүгінгі таңда елордада мұндай мәртебе санаты тізіліміне 161 әлеуметтік кәсіпкерлік нысан енгізіліп отыр.

ӨЗІН-ӨЗІ ҚОРҒАУҒА ҮЙРЕТЕДІ

Елордада өзін-өзі қорғау бойынша жаттығулар өткізіледі.

Тегін жаттығулар Триатлон саябағында 1 қыркүйекке дейін сейсенбі, бейсенбі және сенбі күндері өтеді. Сабақ бір сағатқа созылады, басталуы сағат 19.00-де.

Спорттық іс-шараға түрлі жастағы қала тұрғындары мен қонақтары қатыса алады. Өзін-өзі қорғау сабағын кәсіби жаттықтырушылар Василий Тахтай мен Нұрбек Жақыпов өткізді.

«Біздің жоба – ересек

кәсіпқой спортшыдан бастап жас ұлдар мен қыздарға дейін кез келген адам келе алатын еркін аймақ. Біз өзін-өзі қорғау элементтері бар бейімделген дене шынықтыру жаттығуларының бағдарламасын жасадық. Біздің жобаның мақсаты – ұлтты сауықтыру, жастарды спортқа тарту, салауатты өмір салтын насихаттау» деді кәсіби жекпе-жек шебері және жаттықтырушы Василий Тахтай.



Елордада 29 маусымнан бастап Бейбарыс Сұлтан көшесінің бойында күн сайын ауыл шаруашылығы жәрмеңкесі жұмыс істейтін болады.

«Рио-де-Жанейро» тұрғын үй кешеніне (Бейбарыс Сұлтан көшесі, 23) қарама-қарсы орналасқан жаңа жәрмеңке күн сайын сағат 9:00-ден 20:00-ге дейін жұмыс істейді. Жәрмеңкеге келушілер жергілікті тұрғындардың, Түркістан, Жамбыл және Ақмола облыстарынан келген тауар өндірушілерінің өнімдерін сатып ала алады. Сонымен қатар, елордада демалыс күндері сағат 10:00-ден 19:00-ге дейін Б.Соқпақпаев көшесі, 21 мекенжайында орналасқан азық-түлік жәрмеңкесі де жұмыс істейді.



ВАЛЮТА БАҒАМДАРЫ

€ EUR/KZT 520.19 \$ USD/KZT 480.77 ₸ RUB/KZT 5.51 ¥ CNY/KZT 66.12

t.me/elordainfo

www.astana-akshamy.kz



ЕЛШІНІ ҚАБЫЛДАДЫ

Президент Қасым-Жомарт Тоқаев Біріккен Араб Әмірліктерінің Қазақстандағы елшісі Мұхаммед Саид Мұхаммед әл-Арикиді қабылдады.

Мемлекет басшысы Астанада өткен ШЫҰ саммитіне Біріккен Араб Әмірліктерінің өкілді делегациясының қатысқаны үшін алғыс айтты. Кездесуде бұған дейін жоғары деңгейде қол жеткізілген сауда-экономика және

инвестиция салаларындағы уағдаластықтарды жүзеге асыру барысы талқыланды. Қазақстан мен БАӘ арасындағы стратегиялық инвестициялық жобалар туралы бірлескен декларация аясындағы жұмыстарды жалғастыру қажет

екеніне назар аударды. Сонымен қатар энергетика және көлік-логистика, ақпараттық технологиялар мен жасанды интеллект салаларындағы ынтымақтастық перспективалары қарастырылды.

КОМИССИЯ ҚҰРАМЫ ӨЗГЕРДІ

Мемлекет басшысының Жарлығымен азаматтарға кешірім жасау жөніндегі комиссияның құрамы өзгерді.

2024 жылы 2 шілдесінде Президент Қасым-Жомарт Тоқаев «Қазақстан Республикасы Президентінің жанындағы рақымшылық жасау мәселелері

жөніндегі комиссия туралы» Жарлығына өзгерістер енгізді. Жарлыққа сәйкес, комиссия құрамына келісім бойынша Парламент Сенатының депутаты

Жанна Асанова, заң ғылымдарының докторы Индира Әубәкірова енгізіліп, комиссия құрамынан Александр Лукин мен Төлеш Қаудыров шығарылды.



ҚАЛАНЫ АБАТТАНДЫРУ ЖҰМЫСТАРЫ ЖАЛҒАСАДЫ

Елорданы жайлы қала ету бағытында ауқымды жұмыстар атқарылуда. Әсіресе, аула мен қоғамдық кеңістіктер абаттанып, шаһарға жаңа рең беруде. Астана қаласының әкімі Жеңіс Қасымбек тұрғындар серуендеп, белсенді демалатын орындарда атқарылып жатқан жұмыстарға өз бағасын берді.

Қалада тағы 40-тан астам аула мен қоғамдық кеңістік ашылды. Биыл 170 аула мен қоғамдық аумақты абаттандыруды жоспарланып отыр. Бұл жұмыспен қаланың барлық ауданы қамтылады.

– Биыл қаланың вокзал маңындағы бөлігін және іргелес тұрған Біржан сал мен Гете көшелерін абаттандыру жобасын іске асырамыз. Вокзал маңындағы көшелердің жалпы ұзындығы – 1,5 км. Сондай-ақ мұнда 5 қоғамдық кеңістікті абаттандыру жоспарланып отыр: Жастар театрының алдындағы алаң, Ақжайық қонақ үйінің алдындағы аумақ, «Хлебник»

наубайханасының алдындағы алаң, Чемодандар паркі және «Паровоз» гүлзары, – деді бас қаланың басшысы.

Қаланың тарихи бөлігінің тұрғындарына аясында абаттандырудың классикалық стилі қолданылады, оның ішінде жарықтандыру тіректерін, көше жүйелерін орнату, жасыл желектерді кешенді отырғызу және тағы басқасы қамтылады. Мәселен, қаланың тарихи көшелерін реконструкциялау жобасы аясында жалпы абаттандыру алаңы 17 мың шаршы метрден асады.

– Көгалдандыруға ерекше назар аударылды: қолданыстағы

жасыл желектің бәрі сақталды және қосымша 200-ден астам жаңа ағаш отырғызылады, оның ішінде тал, үйеңкі, қарағай, көпжылдық бұта және т.б. бар. Оларды күту үшін жергілікті суару жүйесі жүргізілді. Мысалы, «Жастар» театрының алдында жаңа субұрқак кешені орнатылады. Сол сияқты шағын сәулет нысандарын, үстел ойындарына арналған орындарды, ойын-сауыққа арналған арт-нысандарды, эткеншектер мен шезлонгтар орнату жоспарланып отыр. Бұл қоғамдық кеңістікті қала тұрғындары мен қонақтары үшін тартымдырақ етеді, – деді Жеңіс Қасымбек.

СЕРІКТЕСТІКТІҢ ЖАҢА КЕЗЕҢІ БАСТАЛДЫ

Алматы қаласында Қазақстан мен Өзбекстан Премьер-министрлері Олжас Бектенов пен Абдулла Ариповтің төрағалығымен екіжақты ынтымақтастық жөніндегі бірлескен Үкіметаралық комиссияның 21-отырысы өтті.

Тараптар Өзбекстан Президенті Шавкат Мирзиёевтің Қазақстанға ресми сапары қарсаңында екіжақты күн тәртібіндегі өзекті мәселелер бойынша пікір алмасты және екі мемлекет басшыларының уағдаластықтарын іске асыру қарқынын қарастырды. Атап айтқанда, сауда-эко-

Қазіргі уақытта \$178 млн-ға 3 инвестициялық жоба іске асырылуда. Ірі жобалардың бірі – Тараз қаласындағы 500 мың тонна болат өнімін шығаратын электрометаллургия зауыты.

Қазақстанның Түркістан облысы мен Өзбекстанның Сырдария облысының аумақтарын-

іске асыруға қызығушылық білдірді. Су саласының екі елдің тыныс-тіршілігіне әсерін ескере отырып, ынтымақтастықты одан әрі нығайту құралдары пысықталды. Атап айтқанда, екі мемлекет аумағындағы су тарату учаскелерін цифрландыру және автоматтандыру бойынша бірлескен қадамдар



номикалық, инвестициялық, су-энергетикалық ынтымақтастықты, көлік, өнеркәсіп, ауыл шаруашылығы, экология және цифрландыру саласындағы өзара іс-қимылды нығайтуға бағытталған жобалардың жай-күйі талқыланды.

Қазақстан мен Өзбекстанға Орталық Азиядағы барлық сауданың 57 пайызы тиесілі. Өткен жылдың қорытындысы бойынша екі ел арасындағы тауар айналымы \$4,5 млрд құрады, 2024 жылдың 4 айында оның көлемі \$1,2 млрд-тан асты.

Өнеркәсіптік кооперация 14,7 мыңнан астам жұмыс орнын аша отырып, \$3,1 млрд сомасына 69 жобаны іске асыруды көздейді. Бүгінгі таңда \$217 млн сомасына 12 бірлескен жоба сәтті жүзеге асырылып, 4,5 мыңға жуық жұмыс орны ашылды.

да ауданы 100 гектар болатын «Орталық Азия» халықаралық өнеркәсіптік кооперация орталығы құрылысының жобасын іске асыру бірлескен өндірістер үшін қосымша ынталандыру жағдайларын жасауға мүмкіндік береді.

Машина жасау саласында Қазақстан мен Өзбекстан жыл сайынғы негізде электротехникалық өнімдер мен аккумуляторларды өзара жеткізу көлемін ұлғайту бойынша ынтымақтастықты кеңейтетін болады.

Жүк айналымын ұлғайтуға көлік саласындағы өзара байланыстарды кеңейту, теміржол инфрақұрылымын дамыту және «тар жерлерді» жою бойынша қабылданып жатқан шаралар ықпал етеді.

Осыған байланысты тараптар «Дарбаза – Мақтаарал», Алматының айналма жолы, Достық стансасы жобаларын

қаралды. «Өзбекстан – біз үшін тату көрші, одақтас әрі бауырлас мемлекет. Біздің үкіметтеріміздің алдына екі елдің мемлекет басшылары орта мерзімді перспективада өзара тауар айналымын \$10 млрд дейін жеткізу бойынша ауқымды міндет қойды. Бұл бағытта біз агроөнеркәсіп кешені мен азық-түлік өнеркәсібінде сауданы ұлғайтуға, сондай-ақ өнеркәсіптік кооперация деңгейін арттыруға мүдделіміз» деді Олжас Бектенов.

Өз кезегінде Абдулла Арипов Қазақстан мен Өзбекстан арасындағы қарым-қатынас соңғы жылдары стратегиялық әріптестік пен одақтастық негізде қарқынды дамып келе жатқанын атап өтті. Сондай-ақ аталған қарым-қатынасты одан әрі нығайту үшін зор әлеует бар.

«BIRGEMIZ: AREKET YAQUTY» ТАНЫСТЫРЫЛДЫ

Астанада «Birgemiz: areket yaquty» жобасын таныстыруға арналған конференция өтті. Жоба Мәдениет және ақпарат министрлігінің тапсырысы бойынша алғаш рет жүзеге асырылуда, деп хабарлады Elorda.info.

«Аталмыш іс-шара волонтерлік қызметке атсалысатын азаматтардың үлесін арттыруға, сондай-ақ волонтерлік ұйымдар, топтар мен волонтерлердің елдің әлеуметтік-экономикалық дамуына қосқан үлесін арттыруға бағытталған» деді Мәдениет және ақпарат министрлігінің баспасөз қызметі.

«Birgemiz: areket yaquty»

шеңберінде Ұлттық волонтерлер фронт-офисінің қызметін, сондай-ақ халқы арасында волонтерлік қозғалысты насихаттау, жандандыру және ынталандыру жөніндегі іс-шаралар кешенін ұйымдастыру көзделген.

Конференция жұмысына ҚР МАМ Азаматтық қоғам істері комитеті, Ұлттық волонтерлік желісі, халықаралық және

волонтерлік ұйымдар және белсенді волонтерлердің және өңірлік фронт-офистерінің өкілдері қатысты.

Конференция барысында қатысушылар жобаны іске асыруға қолдау білдіріп, елдегі волонтерлікті дамыту бойынша жүйелі жұмысты одан әрі жалғастыру бойынша бірқатар идеялар мен бастамалар ұсынды.

СУ АЙДЫНДАРЫ ТЕКСЕРІЛДІ

Елорда су айдындарында тұрғындардың қауіпсіздігін қамтамасыз ету мақсатында шомылуға тыйым салынған учаскелерде рейд жүргізілді.

Рейд барысында 60 адамға үгіт-насихат жұмыстары түсіндіріліп, 20 адамға ескерту жасалды. Ал

47 бала қалалық полиция басқармасына жеткізілсе, 15 ата-анаға әкімшілік хаттама толтырылды.

Шомылу маусымы басталғалы бері Астана қаласында 103 тұлға әкімшілік жауапкершілікке тартылған.



АУҚЫМДЫ СЕНБІЛІК ӨТТІ

«Таза Қазақстан. Астана – тазалық пен тәртіптің үлгісі» акциясы аясында Сарыарқа ауданында «Астана жастары» еріктілерінің, Аманат партиясы Астана қалалық филиалының белсенді тұрғындары мен партияларының қатысуымен ауқымды сенбілік өтті.

Экоакция кезінде ұзындығы 2 шақырымнан асатын Сарыбұлақ өзенінің бойындағы Қарасай батыр көшесінен Н.Тілендиев даңғылына дейінгі аумақ тазартылды.

– Экологиялық акциялар біздің қаламызда тазалық пен тәртіпті сақтауда маңызды рөл атқарады. Олар экологиялық жағдайды жақсартуға, қоршаған ортаның ластану деңгейін төмендетуге және табиғатқа жауапкершілікпен қарауды қалыптастыруға ықпал етеді. Мұндай іс-шараларға қатысу тұрғындар-

дың басын қосады, оларда өз Отаны үшін ұжымдық жауапкершілік пен мақтанш сезімін тәрбиелейді. «Таза Қазақстан» экоакциясы барлық азамат үшін таза және жайлы өмір сүру кеңістігін құруға бағытталған. Елорданың барлық тұрғынын осы акцияны қолдауға және үлес қосуға шақырамыз, – деді Сарыарқа ауданы әкімдігінің бас маманы Ерасыл Қайратов.


Сонымен қатар, елордадағы ауқымды экоакцияны оқу орындарының, медициналық мекемелердің, құрылыс компа-

нияларының өкілдері, шағын және орта бизнес қызметкерлері қолдап, іргелес аумақтарды қоқыстан тазартуға шықты. Іс-шараға барлығы 3000-ға жуық адам қатысты. Акция басталғаннан бері Сарыарқа ауданынан 1400 мың тонна қоқыс шығарылды.

Ауқымды экоакция аясында қаланы санитарлық тазарту, нөсер және арық канализациясы, көшелерді, тротуарларды, кварталшілік аумақтарды, қоғамдық кеңістіктер мен аулаларды тазалау жұмысы жүргізілуде.

ҚАУІПСІЗДІК – ҚАТАҢ БАҚЫЛАУДА

Жаз айы – өрт қаупінің артатын мезгілі. Күн ысыған сайын қала аумағында оттан келетін қауіп те күшейе түсері анық. Ал елордада жыл басынан бері 377 өрт тіркеліп, 10 адам түрлі дәрежедегі ауыр жарақат алған.



Шапағат ӘБДІР

Қаладағы өртке байланысты тіркелген оқиғаның 60-қа жуығы көпқабатты тұрғын үй кешендерінде болған. Осыған орай Астана қаласының Төтенше жағдайлар департаменті көпқабатты тұрғын үй кешендерінде жалпы профилактикалық жұмыстар жүргізуді бастаған. Кезекті тексеру жұмыстары кеше Алматы және Нұра ауданында жалғасты. Іс-шара барысында Алматы ауданы Төтенше жағдайлар басқармасы бастығының орынбасары Алмас Ережепов қазіргі таңда өрт қауіпсіздігімен қатар балалардың терезеден құлау фактілерін азайтудың

да маңызды екенін атап өтті. – Департамент қызметкерлері 2024 жылғы маусым айының үшінші онкүндігінен бастап көпқабатты тұрғын үй кешендерінде аралау жұмыстарын жүргізді. Аралау барысында 6000-ға жуық тұрғындармен өрт қауіпсіздігі бойынша түсіндірме жұмыстары жүргізіліп, жадынамалар табысталды. Сонымен қатар іс-шара барысында тексерілген 76 тұрғын үй кешенінің 56-сында өрт қауіпсіздік ережелері бұзылып, өрттен қорғау жүйелері ақаулы күйде екені анықталды. Бұдан бөлек, қазіргі таңда көпқабатты үйлерде балалардың терезеден құлау жағдайлары артуда. Қауіпті туындауына әкеп соғатын көбінде 1,5 жастан 6 жасқа

дейінгі балалар. Әрі олардың терезеден құлау себептері қауіпсіздікті сақтамау және ата-ананың қараусыз қалуында болып отыр. Сондықтан осы профилактикалық жұмыстар аясында көпбалалы отбасылардың пәтерлеріне қауіпсіздік құлыптары орнатылады. Бұл қарапайым құрал балалардың кездейсоқ құлауының алдын алып, өмірін сақтауға көмектесетіні сөзсіз, – деді Алмас Еркебайұлы.

Рейд барысында жергілікті халықпен және азаматтарға өрт қауіпсіздігі ережесін сақтау және кәметке толмаған балаларды қараусыз қалдырмау бойынша түсіндіру жұмыстары жүргізіліп, тұрғын үй кешендерінің өрт қауіпсіздігін қамтамасыз ету жай-күйі тексерілді.

БАС ДЕМЕУШІСІ – «ALAGEUM ELECTRIC»

8-13 қыркүйекте Астана қаласында этникалық спорт түрлерінен өткізілетін халықаралық спорт жарыстары – 5-Дүниежүзілік көшпенділер ойындарының бас демеушісі болып «Alageum Electric» компаниясы ресми түрде жарияланды.



11 шілде күні аталған шараны дайындау және өткізу жөніндегі Дирекциясы «Alageum Electric» компаниялар тобымен екіжақты меморандумға қол қойды. Меморандум барысында «Alageum Electric» КТ Директорлар кеңесінің Төрағасы Еркебұлан Илиясов бас демеуші ретінде компанияның 1 миллиард теңге ақша бөлетінін атап өтті.

– Бұл шын мәнінде мемлекетіміздің бет-бедел абыройы үшін жасалып жатқан той болғандықтан, құр қарап жата алмадық. Бүгін, міне, арнайы Меморандумға қол қойдық. Біздің компания барлық спортшылардың жол қаражатын көтеретін болады. Әрі «Жамбы ату» бойынша жүлде

қорын да біз тағайындаймыз. Сонымен қатар, осындай халықаралық аренада дәстүрлі спорт түрлерін насихаттауға өз үлесімізді қоса алғанымыз үшін қуаныштымыз, – деді ол.

Шара барысында дирекция басшысы Наиль Нұров Ұлттық спорт түрлерін қолдау және оларды одан әрі дамыту жөніндегі жұмысты жүйелеу мақсатында 2024 жылы «Ұлттық спорт түрлерін қолдау қоры» Қоғамдық қоры құрылғанын мәлім етті.

Аталған қордың басты мақсаты: ұлттық спорт түрлерін дамыту, спортшылар мен жаттықтырушыларды қолдау, ұлттық дәстүр мен мәдениетті насихаттау әрі сақтау.

Одан бөлек, ұлттық спорт түрлерінен өтетін жарыстардың сапалы өтуіне, спортшыларға қаржылық және материалдық көмек көрсетуге, жаттықтырушылар мен төрешілердің біліктілігін арттыруға және даму бағдарламаларын іске асыруға ықпал жасап, ұлттық спорт түрлерін зерттеу және дамыту бойынша ғылыми-зерттеу жұмыстарын атқару қордың тікелей қызметі болады.

Сонымен қазірге дейін 90-ға жуық ел қатысамыз деп ресми түрде өтініш тастап отырған 5-Дүниежүзілік көшпенділер ойындарының Бас демеушісі – Alageum Electric, ал Бас серіктесі Halyk Bank болып танылып отыр.

ӘЖЕЛЕР КЛУБЫ АШЫЛДЫ

Астана қаласы Байқоңыр ауданының Белсенді ұзақ өмір сүру орталығында әжелерге арналған «Әжелер тобы» атты жаңа клуб жұмыс істей бастады.

Бұл клуб зейнеткерлерге ерекше мүмкіндіктер береді. Атап айтқанда, мұнда әжелеріміз әртүрлі іс-шараларға қатысып, өмірлік тәжірибелерімен бөлісе алады.

«Әжелер тобы» клубының ашылуына қолөнер үйірмесінің жетекшісі Балым Өмірзақова мұрындық болды. Байқоңыр ауданының Белсенді ұзақ өмір сүру орталығында қолөнер үйірмесі 2 жылдан астам уақыт жұмыс істеп келеді. Бүгінде Балым

Сапарханқызынан осында келетін 300-ден аса ақ жаулықты әже дәріс алған.

Үйірмеге қатысушыларға арнап «Орамал тон болмайды, жол болады» атты шеберлік сағаты өтті. Клубтың жаңа мүшелері орамал тігудің сыр-қырын үйренді. Бес саусағынан өнер тамған әжелеріміз музыкалық өнерлерін де ортаға салды.

Әжелеріміз алдағы уақытта клуб жұмысын дамытуды жоспарлап, ұрпақтар сабақтастығын жалғастыру үшін

жастармен қарым-қатынас жасауға және тәжірибе алмасуға жағдай жасайтынын айтты.

Байқоңыр ауданының Белсенді ұзақ өмір сүру орталығы қала зейнеткерлеріне тегін қызмет көрсетеді. Мұнда зейнет жасындағы адамдардың қызығушылығына қарай клубтар, йога, психолог тренингтері, қолөнер үйірмелері, қазақ және ағылшын тілі сабақтары, үстел ойындары мен мәдени-ойын-сауық іс-шаралары ұйымдастырылады.

ХАБАРЛАНДЫРУ

«Астана қаласының Сәулет, қала құрылысы және жер қатынастары басқармасы» ММ егжей-тегжейлі жоспарлау жобасын түзету бойынша қоғамдық талқылаулар өткізілетіні туралы хабарлайды: Занды/жеке тұлғалардың өтініштері негізінде қаралатын мәселелер:

1. «Жеке тұрғын үй» объектісін орналастыру бөлігінде, Астана қаласы, Байқоңыр ауданы, Алаш тас жолы ауданында, Тапсырыс беруші Горнорудная компания «Тас-Кум» ЖШС.

Қоғамдық талқылаулар 2024 жылғы 6 тамызда, сағат 11-де Республика даңғылы, 32, 1-қабат мекенжайы бойынша өтеді.

Дәлелді ескертулер мен ұсыныстар электрондық мекенжайға үлгіге сәйкес нысан бойынша қоғамдық талқылаулар басталғанға дейін 3 жұмыс күнінен кешіктірмейтін мерзімде қабылданады zh.suyunova@astana.kz немесе Астана қ., Ә.Мәмбетов к-сі, 24-үй мекенжайындағы ұсыныстар жәшігінде (холл) қолма-қол.

ХАБАРЛАНДЫРУ

«Астана қаласының Сәулет, қала құрылысы және жер қатынастары басқармасы» ММ қоғамдық талқылаулар өткізілетіні туралы хабарлайды: Байқоңыр ауданы, 41-көше ауданында орналасқан ауданы 1 га жер учаскесіндегі «Қоймалардан» «Қойма үй-жайлары мен сэндвич панельдер шығаратын зауытқа» егжей-тегжейлі жоспарлау жобасын түзету бойынша, тапсырыс беруші «AstanaInvest» қалалық инвестицияларды дамыту орталығы» ЖШС.

Қоғамдық талқылаулар 2024 жылғы 6 тамызда, сағат 11-де Республика даңғылы, 32, 1-қабат мекенжайы бойынша өтеді.

Бекітілген нысан бойынша дәлелді пікірлер мен ұсыныстар қоғамдық талқылаулар басталған күнге дейін 3 жұмыс күнінен кешіктірмейтін мерзімде қабылданады zh.suyunova@astana.kz электрондық поштаға немесе қолма-қол Астана қаласы, Ә.Мәмбетов көшесі, 24 үй мекенжайы бойынша арналған жәшік арқылы жіберуге болады.

МАҢЫЗДЫ МӘСЕЛЕЛЕРДІ ТАЛҚЫЛАДЫ



Астана қаласы мәслихатының депутаттық корпусы қала әкімі Жеңіс Қасымбекпен кездесті. Жиын барысында елорда тұрғындары мен қонақтарына қолайлы жағдай жасау бойынша белсенді диалог, пайдалы идеялар мен ұсыныстар айтылды.

Мәслихат төрағасы Ерлан Каналимов қала билігінің араласуын қажет ететін бірқатар мәселелерді атап өтті. Соның ішінде әлеуметтік нысандарға, атап айтқанда, мектептер мен ауруханаларға кірме жолдарды салу, туризмді дамытуға жауапты ведомстволық бағынысты ұйым құру қажеттігі туралы айтты. Оның пікірінше, Астана туризм саласының орталығына айналуы тиіс. Сондықтан осы саланы дамытудың кешенді жоспарын құру және қабылдау қажет.

«Тағы бір маңызды мәселе – қысқы кезеңде барлық күш пен техника қала аумағын

тазалауға жұмсалған кезде саябақтар мен скверлерді тазалауға және қоқыстарды шығару бойынша регламентті қайта қарау керек» деді Ерлан Каналимов.

Қала әкімі айтылған ұсыныстармен келісе отырып, аумақтарды жинау жұмысы коммуналдық меншікке өтетінін, Астанада туристік саланы дамытуға жауапты уәкілетті орган құрылатынын атап өтті.

Одан кейін қала басшысының қатысуымен Аманат партиясының Астана қаласы мәслихатындағы фракциясының отырысы өтті. Онда сайлауалды уәделерді орындау бойынша Жол

картасының басым бағыттарының орындалуы талқыланды. Мектептер, ауруханалар, әлеуметтік тұрғын үйлер, жолдар, энергетика саласы нысандары құрылысының барысы туралы ақпарат тыңдалды.

«Осы жылға арналған бағдарламалық құжаттың көптеген тармақтары орындау кестесі бойынша жүзеге асуда. Орындау бойынша барлық мәселелер мәслихат депутаттарының бақылауында болады. Олар Жол картасын іске асыру тармақтарының әрқайсысына бекітілген» деді Астана қаласы мәслихатының төрағасы Ерлан Каналимов.

Бұл туралы сұхбатында айтқан Астана қаласы мәслихатының төрағасы Ерлан Каналимов бас қала тұрғындарының өмірі мен жұмысы үшін жайлы жағдайлар тудыру, қарқынды урбанизациялық осу жағдайында тұрғындардың қажеттіліктеріне сай қалалық ортаның тұрақты дамуын қамтамасыз ету істерінде мәслихат басты орынға ие екенін атап өтті. Елорданың қалай және қай бағытта өрлейтініне тоқталып, балабақшалар мен мектептер, денсаулық сақтау нысандарының тапшылығы мәселелері қалай шешілетіні туралы айтты.

– Астана мәслихаты – жергілікті мемлекеттік басқарудың негізгі органы. Қалалық мәслихаттың төрағасы, бюджет, экономика, өнеркәсіп және кәсіпкерлік, сондай-ақ әлеуметтік-мәдени даму мәселелері жөніндегі екі тұрақты комиссияның төрағаларын қоспағанда, астаналық мәслихаттың қазіргі депутаттары өз функцияларын босатылмаған негізде орындайды, – дейді Ерлан Каналимов.

Халық қалаулыларының басты міндеті – еліміздің бас қаласында жайлы әрі қауіпсіз өмірдің болуын қамтамасыз ету. Спикердің айтуынша, елорда мәслихатының жұмысы осыған құрылған. Идеяларды табысты іске асыру үшін қала әкімдігіне қарасты барлық мемлекеттік органдармен және құрылымдық бөлімшелермен белсенді ынтымақтастық орнатылды.

– Біз үшін сайлаушылармен өзара қарым-қатынас барысында ашықтық пен ашықтықтың жоғары деңгейін сақтау өте маңызды. Мемлекет басшысы Қасым-Жомарт Тоқаев өзінің халыққа Жолдауында азаматтық қоғамды қолдау және нығайту, неғұрлым өзекті жалпымемлекеттік міндеттерді талқылауға тарту қажеттігін нақты атап өтті. Бүгінгі таңда халық қалаулыларының өз сайлаушылары алдында есеп беруін реттеу үдерісі халықпен тығыз байланыс орнатуға және депутаттар жұмысының ашықтығын арттыруға үлкен мүмкіндіктер ашты. Біз көтерілген мәселелердің көпшілігін шеше алдық деп сеніммен айта аламын, ал басқаларын ерекше бақылауға алдық. Біз үнемі халықтың қажеттілігін ескеріп, барлық әлеуметтік нысандардың құрылыс барысын бақылаймыз, олардың жабдықталуын тексереміз, тиісті орындарға барамыз, – дейді Ерлан Каналимов.

Мәслихат қаладағы жергілікті өзін-өзі басқару органы ретінде әлеуметтік сала жобаларын әзірлеуде және іске асыруда маңызды рөл атқарады. Өткен

БАС ҚАЛА ҚАЛАЙ ЖӘНЕ ҚАЙ БАҒЫТТА ӨРЛЕЙДІ?

Биыл Қазақстан мәслихаттарына 30 жыл толып отыр. Астана қаласының мәслихаты мерейтойлық жылды тұрғындарға пайда әкелетін істермен атап өтпек. Жыл бойы мәслихаттардың 30 жылдығына арналған мәдени және спорттық іс-шаралар өткізіледі. Мәслихат депутаттары қайырымдылық акцияларының бастамашысы болады, бұл акциялар елордада басталып та кетті. Бұған қоса, ғылыми-тәжірибелік конференциялар ұйымдастырылады.

жылдың қыркүйек айынан бастап Астанада нақты тұратын, бірақ тіркеуі жоқ және қажетті еңбек және практикалық дағдылары жоқ азаматтарды жұмыспен қамту үшін жаңа Joltar жобасы іске қосылды. Бұл азаматтар көп жүретін орындарда мемлекеттік қолдаудың 52 шарасы бойынша кеңес алу үшін жағдайлар жасалған. Сондай-ақ жұмыс берушілермен бірлесіп, жұмысшы кәсіптер мен цифрлық дағдыларды қысқа мерзімді оқыту курстары ұйымдастырылды. Бұған қатысушылар бұдан әрі жұмысқа тұрғызылады немесе микроқаржыландырылады. Жоба жұмысының төрт айында 5,7 мың адам қамтылып, 700-ден астам тұрғын жұмысқа орналастырылды.

Елордада оқушы орындарының тапшылығы проблемасын шешу үшін 2028 жылға дейін

200 мыңға жуық оқушы орындарын қамтитын 80-нен астам мектеп салу жоспарлануда. 2029 жылға дейін барлығы 77 балабақша салынады. Оның 60-ы мемлекеттік балабақша болады.

Осы жылдың қаңтар айында Үкімет астананың 2035 жылға дейінгі Бас жоспарын бекітті. Құжаттың әзірленуі мен талқылауына қала тұрғындары белсенді қатысты. Елорда тұрғындарының болжамды саны 2035 жылға қарай 2,3 млн тұрғын деңгейінде болады деп күтілуде. Демографиялық есептеулерді ескере отырып, Бас жоспар бойынша 164 мектеп, 178 балабақша және 93 денсаулық сақтау мекемесін, 916 шақырым көше-жол желісін және бес көпір салу жоспарланған. Қажетті инженерлік инфрақұрылымды құру және

дамыту жоспарлары белгіленді.

– Елордада соңғы рет ірі қалалық медициналық нысандар он жыл бұрын салынған. Содан бері қала халқы екі есе өсті. Бүгінде жыл сайын екі-үш емхана ашылады. Биыл Астана қаласының орталығында мемлекеттік емхананың құрылысы басталады. Ал алдағы 36 айда тағы 8 жаңа емхана пайдалануға беріледі. Олардың екеуі – мемлекеттік емханалар. Сондай-ақ әрқайсысы 250 төсекорындық екі перинаталдық орталықтың іргетасы қаланады. Оның біреуі – инвестор, екіншісі «Самұрық-Қазына» есебінен салынады. Жалпы алғанда, елордада жоғары технологиялық медициналық кластер қалыптасты. Бұл медициналық туризмнің дамуына айтарлықтай әсер етті. Өткен жылы шетел азаматтарына 4000-нан

астам медициналық қызмет көрсетілді. Бұл 2022 жылмен салыстырғанда 2,5 есе көп, – дейді Ерлан Каналимов.

Дүниежүзілік көшпенділер ойындары қарсаңында «Астана-Арена», «Алау», «Барыс-Арена» нысандарын, «Қазанат» ипподромын қайта жаңарту және іргелес аумақты абаттандыру жұмыстары жүргізілуде. Кейбір көше мен даңғылдарда жөндеу жұмыстары аяқталды. Сонымен қатар Көгалдандыру жарғысы бекітілді. Оның аясында құрылыс салушылар «қызыл сызықтар» бойымен аула ішіндегі кеңістіктер мен көшелерді сапалы көгалдандыру керек.

– Елорда тыныс-тіршілігінің көптеген салаларының мәселелері кейде шешілмей қалатынын түсінеміз. Бұл жағдай ең алдымен қаржыландырудың жетіспеуі немесе болмауы себебінен орын алады. Қала әкімдігімен бірлесіп, біз алдағы үш жылға арналған кешенді даму жоспарларын әзірлеп, іске асырдық.

Мәселен, Денсаулық сақтау жүйесін дамыту жоспары аясында біз жаңартуды қажет ететін медициналық нысандарды күрделі жөндеуге қаражат бөлдтік. Қажетті заманауи жабдықтар сатып алынды, ақ халатты абзал жандарға жалақыны және басқа да төлемдерді ұлғайту жөніндегі бастамалар қолдау тапты. Биыл бірнеше емхана мен қалалық ауруханалардың жаңартылған корпусы қала тұрғындарына есігін айқара ашты, – дейді елорда мәслихатының төрағасы.

Қалалық мәслихаттың VIII

шақырылым депутаттарының жұмысы басталғаннан бері полицияның учаскелік және модульдік пункттерін салуды, бейнебақылау камераларын орнатуды, тәртіп сақшыларына арналған спорт кешенін жөндеуді және тағы басқа жұмыстарды көздейтін 2023-2025 жылдарға арналған қылмысқа қарсы күрес, қоғамдық тәртіп пен қауіпсіздікті қамтамасыз ету жөніндегі міндеттерді орындауға арналған іс-шаралар жоспары әзірленіп, іске асырылуда.

– Зәулім ғимараттар салынған елордадағы өрт қауіпсіздігі мәселелеріне ерекше назар аудару қажет. Өрт сөндірушілерге арнайы техника, киім-кешек пен жабдықтар керек. Сонымен қатар елорданың тұрғын алаптарында заманауи өрт сөндіру деполарын салу мәселесі өте өзекті. Біз барлық ескі өрт сөндіру бөлімшелерінде, соның ішінде депутаттар – құрылыс компанияларының басшылары есебінен күрделі жөндеу жүргіздік. Олардың көмегімен батыс стандарттары бойынша бірнеше полиция бекеті салынды.

Айтпақшы, жақын арада әріптестерімізбен бірге Біраз уақыт бұрын Өрт сөндіру бөлімдерінің арзан модульдерін салуды бастаған Ақтөбе облысына баруды жоспарлап отырмыз. Құтқарушылардың әлеуметтік жағдайы мәселелерін де ұмытпаймыз: тұрғын үй сатып алуға сертификаттар бөледі қолдадық; азаматтық қорғаныс қызметкерлерінің балалары каникул кезінде лагерлерде демалды, – дейді Ерлан Каналимов.

Мәслихат депутаттары астаналық ақсақалдармен бірігіп, белсенді жұмыс жүргізуде. Аға бұрынның өмір сүру жағдайларын жақсарту үшін 2025 жылға дейінгі «Белсенді ұзақ өмір сүру» атты іс-шаралар жоспары әзірленді.

– Бағдарламалық құжат тегін заң көмегін көрсетуді, қаржылық сауаттылықты арттыруды, қайырымдылық акцияларын, зейнеткерлер өндірген өнімдерден көрмелер мен сатылымды, бос орындар жәрмеңкелерін өткізуді, емханаларда арнайы медициналық кабинеттер ашуды және тағы басқа жұмыстарды қамтиды. Біз әрқашан ардагерлер кеңесінің басшыларымен байланыс ұстаймыз. Қысқа мерзім ішінде біз мұқтаж жандарға екі миллиард теңгеден астам сомаға қайырымдылық көмек көрсеттік. Дәл осындай бағдарламалық құжаттар Спорт және дене шынықтыру, сондай-ақ Білім басқармаларымен бірге әзірленеді, – дейді елорда мәслихатының төрағасы.

«Қазақстанская правда» газетінен ықшамдалып аударылды



Аманғали
ҚАЛЖАНОВ

Калалық Инвестициялар және кәсіпкерлікті дамыту басқармасының басшысы Халел Әкімжановтың баяндауынша, туристердің Астанаға деген қызығушылығы соңғы жылдары артты. Мәселен, өткен жылы елордаға 1,3 млн турист келген. Бұл – рекордтық көрсеткіш. Ал биыл туристердің күтілетін ағыны – 1,5 млн-ға жуық адам. Визасыз тәртіп 79 елмен орнатылған. Соның ішінде Астанаға негізінен Ресей, Түркия, Қытай, Германия және АҚШ елдерінен туристер келеді. Бас қалада туристер баратын 70 орын бар. Бұл – мұражайлар, театрлар, мәдени және спорт сарайлары, діни орындар, спорт кешендері. 257 қонақ үйде 9,5 мың туристі қабылдауға және орналастыруға арналған орындар қарастырылған.

«Басты мақсатымыз – Еуразия кеңістігінде Астананы туризмнің іскерлік және медициналық орталығы ретінде дамыту» дейді Халел Әкімжанов.

Астана даму орталығы басқарма төрағасының орынбасары Саят Құсайыновтың айтуынша, бұл орталықтың мақсаты – Астананы Орталық Азияның іскерлік және оқиғалық хабы ретінде дамыту. Ал міндеттері – Астананы туристік дестинация ретінде ілгерілету, іс-шараларды қалаға тарту, туристер үшін қолайлы жағдайлар жасау, медициналық туризмді дамыту екенін айтты. Осы компания әлемдік тәжірибеге сәйкес «Visit Astana» туристік брендин ілгерілетуде. Іскерлік туризмді дамытудың мақсаты – іскерлік іс-шараларды (конференциялар, форумдар, көрмелер, т.б.) тарту арқылы қалаға келетін туристер санын арттыру.

Қалалық туризмді дамыту орталығының директоры Татьяна Верницкаяның пікірінше, Астана – көліктік қолжетімділік бойынша ыңғайлы қала. Атап айтқанда, елордада автовокзал, 2 теміржол вокзалы, өткізу қабілеті жылына 8,2 млн жолаушыны құрайтын халықаралық әуежай бар. Оның сөзінше, бас қалада туризмді дамытуға кедергі келтіретін көптеген мәселе туындап отыр. Соның ішінде туризмді ілгерілетуге бағытталған туристік компания-



ТУРИЗМ ДАМУЫН НЕ ТЕЖЕЙДІ?

Жуырда Мемлекет басшысы Қасым-Жомарт Тоқаев туризмді дамыту жөніндегі кеңес өткізіп, бұл сала әлемдік экономиканың қарқынды дамуына ықпал етіп отырған әрі инвесторлар үшін тартымды екенін атап өтті. Алайда еліміздің географиялық тұрғыдан оңтайлы орналасқанына, алуан түрлі табиғатымыз, бай әрі бірегей тарихи-мәдени мұрамыз бар екеніне қарамастан, туризм саласындағы әлеуеттің толық пайдаланылмай отырғанын сынға алды. Елордада да осы салада шешімін күтетін мәселелер бар. Астана қаласы мәслихатының бюджет, экономика, өнеркәсіп және кәсіпкерлік мәселелері жөніндегі тұрақты комиссиясының отырысында туризм саласындағы біраз түйткіл айтылды.

лардың айтарлықтай тапшылығы байқалуда. Ұсынылатын туристік автобустардың көпшілігі ескіріп, халықаралық стандарттарға сәйкес келмейді. Бұл қатарда спикер автобус салондарының ластығын, ауа баптағыштар мен гидке арналған микрофондардың жоқтығын, басқа да мәселелерді атап өтті.

Осы отырыстың алдында

елорда мәслихатының депутаттары бас қаланың туристік автобустардың көпшілігі ескіріп, халықаралық стандарттарға сәйкес келмейді. Жиында бұл мәселелер жан-жақты талқыланды. Астана қаласы мәслихатының төрағасы Ерлан Каналимов маңызды іс-шаралар қарсаңында бас қаладағы қонақ үйлер бағаны 10 есеге дейін көтеретінін айта

келе, олардың иелері ескеретін көптеген мәселе бар екенін жеткізді.

«Туристерге арналған хостел қызметтерінің жұмысы сапасыз. Қаламызға келушілерге арналған бірқатар пакеттер-экспресс-маршруттар, гидтер мен аудармашылар қызметтері жүйеленбеген. Туристік саланы немесе осы салаға ерекше

назар аударатын мемлекеттік органды бақылайтын топ құруды ұсынамын. Қалада дәретханалар жеткіліксіз, соның ішінде мобильділігі төмен азаматтарға арналған дәретханалар мүлдем жоқ, жол-көлік инфрақұрылымы, туристік нысандар айналасындағы аумақтардың ластануы, ақпараттық дүңгіршектер мен көрсеткіштердің болмауы сын

туғызады. 4G байланысы барлық жерде ұстамайды, барлық қонақүйде Wi-Fi жоқ, такси, каршеринг қызметі нашар дамыған» деді Ерлан Каналимов.

Осы және басқа да мәселелерді тарқатып айтатын болсақ, елордада музей гидтері жетіспейді. Атап айтқанда, тек қазақ, орыс және ағылшын тілдерінде сөйлейтін гидтер бар, ал поляк, неміс және қытай тілдерін жетік меңгерген гидтер мүлдем жоқ. Елордамызға келген қонақтарды қала тарихымен таныстыратын өлкетану музейі де жоқ. Бұл мәселені «Астана ақшамы» газеті бірнеше рет көтергенін атап өту керек.

Тағы бір назар аударатын жайт, туризм саласындағы кадрдың жетіспеушілігі. Осы сала мамандарын дайындау үшін қысқа мерзімді оқу курстарын ұйымдастыру қажет. Жиында мамандарды төрт жыл оқыту міндетті еместігі, 4-6 ай жеткілікті екендігі айтылды.

Хостелдерге қатысты заңнама әлсіз. Сондықтан хостелдердің қызметіне қатысты қатаң талаптар жоқ, бақылау деңгейі төмен. Тиісті инфрақұрылымның жеткіліксіздігіне келсек, елордада шетелден келген қонақтарға қазақтың ұлттық құндылығын (ұлттық киімдерімізді, ұлттық тағамдарымызды, қолөнер бұйымдарын және т.б.) паш етіп көрсететін мәдени орталықтар, киіз үйлер жоқтың қасы. Ал қоғамдық дәретханалардың жағдайы сын көтермейді, туристік нысандарда қоқыс жәшіктері жетіспейді, тазалық деңгейі төмен. Ақпараттық қолдаудың әлсіздігін айтсақ, «Booking» жүйесінде тек 15 қонақ үй ғана көрсетілген.

Бұл тұрғыдан туристерге арналған арнайы ақпараттық жүйе қажет.

Қаланың навигациялық жүйесінің әлсіздігі де бар. Атап айтқанда қаланың маңызды жерлерінде арнайы белгілер жоқ. Туристердің қауіпсіздігі үшін ақпараттық тақталар мен LED экрандар орнату қажет. Такси қызметтерінің сапасына тоқталсақ, такси жүргізушілерінің өз жұмысын сапалы орындап, шет тілдерін білуі маңызды.

Осы мәселелерді ескере келе, Ерлан Каналимов бір ай ішінде мәслихат депутаттарын тарта отырып, туристік саланы дамытудың кешенді бағдарламасын әзірлеу қажеттігін айтты.

ӘЛЕУМЕТТІК КӘСІПКЕРЛЕР КӨБЕЙІП КЕЛЕДІ

Әлеуметтік кәсіпкерлік – бұл әлеуметтік мәселелерді шешуге бағытталған бизнес. Мұндай мәртебені төрт санаттың біріне сәйкес келетін кәсіпкерлер ала алады. Тізілімге енгізуде бірқатар жеңілдіктер қарастырылған. Бүгінгі таңда бұл тізімге 161 әлеуметтік кәсіпкерлік субъектісі енді.

Астана қаласы әкімдігінің кәсіпкерлікті дамыту бөлімінің бас маманы Дана Қариеваның айтуынша, бұл тізілімге кірген кәсіпкерлерге жеңілдіктер беріледі.

– Бұл тізілім 2022 жылдан бері жұмыс істейді, бүгінге дейін бізде 14 отырыс өтті, оның қорытындысы бойынша әлеуметтік кәсіпкерлік тізіліміне 161 кәсіпкер енді. Сондай-ақ Кәсіпкерлік Кодекске сәйкес, тізілімге енген кәсіпкерлерге жеңілдіктер беріледі. Бүгінгі таңда әлеуметтік кәсіпкерлер үшін салық салуды төмендету бойынша жұмыстар жүргізілуде. Бұдан әрі бұл «Астана» АҚ арқылы жеңілдікті негіздер бойынша жалға алу үй-жайын алу мүмкіндігі, сондай-ақ олар жабдық сатып алу үшін берілетін 5 млн теңгеге дейін мемлекеттік гранттарға қатыса алады. Сондай-ақ кәсіпкерлер «Даму» кәсіпкерлікті дамыту қоры» АҚ арқылы сыйақы мөлшерлемесін субсидиялауға үміткер бола алады, – деді бас маман.

Елордалық Лана Болат – әлеуметтік кәсіпкер, «La Dance» би академиясының негізін қалаушы.

– Астана мен Қарағанды қалаларында біздің орталықтарымыз бар, оларда 1000-нан астам оқушы оқиды. Астанадағы орталығымыздың жалпы ауданы 407 шаршы метр аумақты алып жатыр. Мемлекеттік қолдаудың, атап айтқанда «Даму» қорының арқасында біз несие алып, үй-жай сатып алдық, ал пайыздық мөлшерлеме біз үшін субсидияланады. Біз кәсіпкерлер ретінде банктік жалпы мөлшерлемені төлемейміз, бұған дейін ол 6% болып



келсе, биылдан бастап 7-8% болды. Бұл кәсіпкерлер үшін де маңызды көмек, – деді әлеуметтік кәсіпкер.

Жалпы, әлеуметтік кәсіпкерлік субъектілерінің тізіліміне енгізу жөніндегі арнайы комиссия қалалық Инвестициялар және кәсіпкерлікті дамыту басқармасы жанынан жұмыс істейді.

ШЫБЫН-ШІРКЕЙМЕН КҮРЕС ЖАЛҒАСУДА

Елордада шыбын-шіркейлердің таралуына қарсы дезинсекциялық жұмыстар сәуірден қыркүйекке дейін ай сайын 15 күн ішінде алты кезеңде жүзеге асырылады. Жұмыстарға 100-ге жуық адам, бүрку бойынша арнайы көлік, термогенераторлар тартылады. Астанадағы Агротехникалық университетпен бірлесіп, ғылыми қызметкерлерден масалардың түрлерін зерттеу және олардың көбеюі, қажетті жұмыстарды құру жөніндегі штаб құрылды.

«Столичная дезинфекция» ЖШС қала орталығынан ашық станцияларды – саябақтарды, скверлерді, көшелерді, тұрғын алаптарды өңдеудің үшінші кезеңін аяқтады. Қазір жаппай өсудің алдын алу мақсатында таяз су қоймалары мен сулы-батпақты жерлерді масалардың дернәсілдік формасына қарсы өңдеу жүргізіліп жатыр.

Дезинсекциялық шаралар жәндіктердің санын азайтуға бағытталған. Өйткені олар табиғи экожүйенің ажырамас бөлігі болып саналады. Қазіргі уақытта бүкіл қала бойынша, соның ішінде барлық саябақ пен жағалауда қажетті дезинсекциялық жұмыс жүргізіліп жатыр.

Тұрғындардың жайлы демалуы үшін дезинсекциялық жұмыстар

түнгі уақытта сағат 21.00-ден 04.00-ге дейін жүргізіледі. Адамдар көп жиналатын орындарға, яғни саябақтар мен жағалауларға ерекше назар аударылады.

Өңдеу кезінде сақтық шараларын сақтау маңызды. Мамандардың мәлімдеуінше, өңделетін аймаққа баруды шеште керек. Өңдеу кезінде тұрғындарға терезелерді жабу ескертіледі.

Қан сорғыш жәндіктердің санын анықтау және азайту жөніндегі жұмыстар үнемі бақылауда және ғылыми топтың, санэпидбақылаудың бекітілген кестелері мен ұсынымдарына сәйкес жалғасып жатыр. Сонымен қатар көппәтерлі тұрғын үйлердің кіреберістері мен жер төселерін өңдеуді ПИК және МИБ-тер жүргізуі керек.

МЕМЛЕКЕТТІК СЫЙЛЫҚҚА ҰСЫНЫЛҒАН

С ол жерде туған соң перзенттік қарызын қалайша ұмытады. Аралды ойласа жазушы Арал қасіретін ескерткіш-мүсін-стелла ретінде жасауға ниетті өз кейіпкері Жұмабек сияқты түңіліп кетіп, жаны қиналса, мұның берісі иісі қазақ халқына, арысы адамзаттық проблема болмағына айтар уәж жоқ.

Жазушы көркем әдебиет арқылы көтеріп отырған кесек проблемасы былайғы жұрт мән бере бермейтін, тіпті елегісі де келмейтін сыңай танытатын жанды проблема. Ол не?! Ол – масылдық, сорлы байғұс, бейшара болуға икемделіп алған, алақан жаймаса болмайтындай, үкімет жарылқаса екен деп дәмәттеп отыратын хронологиялық дертше жабысқан қу кедейшілік, үнемі біреу бере берсе дейтін қайыршылық, ал оның түп себебі жалқаулық, бойкүйездік. Жазушы қалам қуатымен ел еңсесін көтертпейтін қайыршылық симптомдарына рухани қарсылық жасай бермегіне аса мән беру керек. Бұл расында Абайдың адал еңбекпен табылатын несібенің қасиетін уағыздайтын «Есектің артын жусаң да, мал тап!» және жас ұрпағыңды оқыт, ғылым-білім ізде, әйел затының обалына қалма деген Мұхтар Әуезовтың «Ел болам десең, бесіңді түзе!» деген ұлағатты өсиетімен тең түсетін ұлттық идеологияның алтын кілті болып табылады. Ең бастысы, қазіргі заманғы ұлттық идеологияға аса қатысты және өте қажетті таным-түсінік. Жазушының кішкене детальдарға, мінез-құлық, түрлі образдарға шебер жасырып айтпағы ғажап жасампаздық ой – «Қазақ сен мықты боламын десең, жан аямай әрекет жаса, еңбекқор бол, экологияңа қара, тірі табиғатты байлық үшін бекер бұлдірме, өзгенің қолына телмірме, шын талантты тонама, елдігінді ұмытпа, жер мен судың киесін біл!» деген астарлы асқақ ұғым.

«Теңіз тартылғалы ауылдастарыңан әбден көңілі қалған. Көз алдарыңда баттың түрған құбылысты көргілері келмейді. Үнемі ұнжырғалары түсіп, біреулерден бірдемелерді дәмәтеді де жүреді. «Экологиялық өңір тұрғындарына жанашырлық!». Осы секілді аты өшкір жарнамаларды да құлақ естіді ғой амалсыз. Төтеннен біреулер көше-көшенің ортасына келіп, көлік қорабынан бір-бір қашық ұнды арқалатып жіберсе соған маз. Қант-шай үлестірсен мұндай қамқорлықты тұңғыш рет көріп тұрғандай, немесе осыдан кейін молшылықтың бел ортасына күмп беріп түсе қалатындай, бір-бірінің жүздеріне қарап, ыржың-ыржың күледі. Бұл «қамқорлықтың» астарында қандай аяншықты жағдаят жатқандығын түсінбейді және түсінгілері де келмейді. Айдың-күннің аманында көзінді бақырайтып қойып, тірі адамның тірі адамды мүсіркеуі неткен сорақылық?!». Осы көріністен қазақ елінің әр пұшағында өмір сүретін қауымның кейбіреуі өздерін көріп тұрған жоқ па?! Бұл кесел – мүсәпірлік психологиясы неге ұлттық автопортретке айналуды керек?! Оның беті аулақ!

Жазушының өз ұлтын сүйген ниеті адал, қазақтың ең осал тұстарын көзге шұқып көрсетуіне тек қуануымыз керек!

«Оны мазаламаңыздаршы...» деп аталған повестің көтеріп тұрған жүгі қат-қабат. Басты кейіпкер Жұмабек Исағалиев шебер зергер-ұста, сваркадан көзі көрмеуге айналған екінші топтағы мүгедек, колледж студенттеріне шеберлік сабағын

ҚУАНЫШ ЖИЕНБАЙ ПРОЗАСЫНДАҒЫ ҰЛТТЫҚ ИДЕОЛОГИЯ

Шалқар суы тартылған теңіз мұңы, космостан қараса Кіндік Азияның алып тостағаны тәрізді сұлу Аралдың көлемі кішірейіп кетуі, өткен ғасырдың ортасында балығы тайдай тулаған, небір балық түрлері мол болғандықтан орыс көпестері пайдаға кенеліп, балық шаруашылығын дамытқан сұлу теңіздің көз алдында апатқа ұшырап, жағалауы сортаң, жел соқса тұз бораған күйзеліске толы аймаққа айналуы белгілі жазушы Қуаныш Жиенбай прозасының басты тақырыбы екені рас.



береді, жүріс жасайтын әйелі Рысбике оны басынып алған, бой жете бастаған қызы да ырду-дырдуға үйір, өзіне жаны ашитын жасөспірім ұлы ғана.

Оқиға өрісі Арал теңізі маңында өрбиді. Жұмабек айналасындағы жұрттың қандай екенін өз басынан өткен қилы оқиғалар легі арқылы таниды, оның ең ауыры творчествосына қиянат болып шықты. Бейіт соқса да ру, ата жарыстырып, бәсекелестік пиғылдан аспайтын бүгінгі қазақ күштінің ығына жығылатын, озбырлығын көрседі көрмегенситін әлжуаздық, екіжүзділік, қасиетсіздікке ұрынғанын бір мәселе төңірегінде айдай етіп әшкерелейді.

Повестің соңына таман шығармадағы басты идея экология ғана емес, қазақ қоғамын шырмап бара жатқан интеллектуалдық ұрлық екенін анық ұғамыз. Ескерткіш-стелланың авторы Жұмабек ғана емес, үшеу, шын авторға жолдан қосылған жолбике екеу болып шыққаны зергер-ұстаның төбесінен жай түсіргендей болды. Әкімнің ұлы Ришат оның еңбегіне, ескерткіш-стеллаға жалған атақ үшін, мансап қуып ортақтаса кеткені мүсіншіні қорлаған нағыз қылмыстық іс. Бірақ өкініштісі, осы сияқты интеллектуалдық барымта біздің қоғамда аз кездеспейді. Ақшаның күшін малданған, ар-ұяттан жұрдай Ришат сияқтылар азаймас, әйткенмен жазушы танымдық біуінен аласармайды – өз күшімен Лондонға оқуға түскен, көршісі Сәлімгерейдің қызы сияқты білімді жастар ертеңгі елдің болашағы деген үмітті өшірмейді.

Қызы шетелге оқуға түскенде ұланғасыр той жасаудан тыйылған Сәлімгерей бейнесі де сөз арасында айтыла салғандай көрінген қосалқы бола тұра селт еткізетін, оң ниетті, дұрыс көзқарастағы қазақ. Құр мақтан, дарақлықтан жиренетін осындай жандар түбінде әкімнің ұлы Ришат сияқты жалған-шыларға қарсы тұра аларлық рухани күшке айналды.

Бір ғана әңгімемен қазақ қоғамының кемшіліктерін беруге бола ма? Әрине! Белгілі жазушы Қуаныш Жиенбайдың «Дуадақтың дауы» атты әңгімесінің идеясы Чехов прозасындағы кішкентай адамдар идеясымен үндес. Біздің елдің капиталистік қоғамның ережелеріне, ақша билеген заманға әбден тәуелді тұстары бір ғана оқиғаның шеңберінде толық ашылған. Әңгіменің орта тұсында оқырман отаншылдық қаны тасып шыға келуі ғажап емес. Жазушылық қасиет елдік ар-намысты биік ұстау екені шындық. Дуадақ аулауға келген араб шейхтары неге қазақ даласына келе берді, мейлі, үлкен ақшаға болсын, біздің елдің баға жетпес табиғат байлығын шетелдіктерге арзан болсын, қымбат болсын, әншейін тауар сияқты ұсынады деп бір күйінеді.

«Басшы көңілді, ресмиліксіз ашық-жарқын сөйлесті: – Бай-маншартарың біздің жақты тағы бет-

ке алыпты. Бекайдар алғашында түсінбей қалды. – Біз асыл-сасып күршіке қалай су жеткіземіз деп жүргенде... Арабтардың дуадақ аулайтын мезгілі таып қапты... Дайынбысыңдар?!».

Ел басына күн туғанда жыраулар қазақ халқына дұшпан келсе, Сырға қаш деп құтты мекен екенін 2-3 ғасыр бұрын жырға қосқан, бүгінде экологиясы бұзылған, жұрт күнкөріске байланған қасиетті жерімізге құс сүті ғана жоқ асқан байлығымен үстем араб шейхтарының алшаң қағып, дуадақ аулауға келетін ермек алаңына айналғанын сарказммен суреттейді.

Қуаныш Жиенбай тұған жері Арал теңізі табиғатын сүйіп суреттейді:

«Әрине, жиегі құммен көмкерілген тақырлыққа ақ сағым ойнаған түс мезгілінде төбесі мен төңірегін жел қағып тұратын дәл кинодағыдай, ақ шатыр тіккенге не жетсін».

Бұл келімсек мәртебелі мей-

ды. Өйткені күнделікті күйбең тіршілік қамы дуадақты қайдан ойлантсын. Дуадақтың қасиетін жастар түгілі ересектер біле бере ме?! Ақын-жазушылар болмаса, елдік рух баяғыда жоғалып кетер ме еді, адам нәсілді тұтынушылық райынан ажырамай қор болар ма еді!

Отан, ел, жер, ұрпақ сияқты ұлы ұғымдарды бір ғана әңгімемен беруге болады екен.

«Мал тұяғы таптамаған Жалпақсор құдды жусан өсіретін питомникке ұқсайды. Тып-тыныш. Күздің алғашқы жауынымен жусан басы қайта гүлдейді. Несін айтасыз, мұндай жерді көрген де арманда, көрмеген де арманда».

Қазіргі қазақ қоғамы тұтылған кеселдің бірі мал ұрлығы, халық мал өсірейін десе ұры-қары күн көрсетпейді. Жалпақсордың шөбі қаулап өсіп кетуінің, жусан иісі кереметтігінің бір себебі сол.

Әңгіменің ортасынан ауғанда басты нысана шейхтар емес, өзіміздің қазақтардың ниет-пиғылы, мінез-құлқын билеген құлқын мәселесі екенін аңдай бастайсыз.

Әңгімеде дуадақ аулаушы арабтардың бейнесі сәл солғын, өйткені олар басты нысана емес. Бар ғәп біздің өзімізде болып шықты. Жолбасшы, атқосшы, аудармашы, бір сөзбен айтсақ, қызметкер болып барған үшеудің үлкені және сүйкімсіз, сұғанағы – Әбжан. Ол тіпті нормадағы 37 дуадақтан артық аулансын, бізге оның есесі болады деп серіктеріне ұсыныс айтады. Оның есілдерті – оңай олжа, жыл сайын сырттан келіп дуадақ аулайтын байлардың сарқытын иемденіп қалу. Арланбайды. Аудармашы, араб тілін ана тіліндей білетін Сержан Әбжандай жағымпаз емес, оның бір-саран репликасынан намысты азамат екені байқалып қалады. Арабтардың ала келген құсы ителгі де біздің қазақ жерінің құсы болуы мүмкін. Үшіншісі аудан әкімінің шопыры Сейдахмет, ол да пайда үшін арабтарға жалданған.

Материалдық дүниеге құл кедейшілік психологиясы біздің ұлттың басына қайдан түсті, неліктен «Арым – жанымның садағасы» деп намысын биік ұстайтын қазақ ұсақталып кетті?! Автордың сізсіз көрінетін шағын әңгімесінің астарында қат-қабат сауал жатыр.

Бір-бір компанияның қожайыны, кинооператорымен келіп, дуадақ аулағандарын таспаға түсірген, қызығы мен мақсат-мүдесі тұрмыс қамынан басқа шейхтар қайтарда ескі джип пен біраз ұсақ-түйек заттарды тастап кетеді. Олар үшін қоқысқа да лақтыра салатын ескі-құсқы екені даусыз. Джипке таласқан қазақтардың дауы ұзаққа созылады. Ақыры үшеуіне де джип тимейді. Мәселе джипте емес, ұлттық намыста, біреудің қаңсығын таңсық көретін бейшара психологияда жатқанын жазушы жеріне жеткізе бере алған. Қуаныш Жиенбай кедейшілік психологиясы қоғамда ұрлық-қарлық, жемқорлық, өзін күштегі бағынышты сезіну атымен жоғалып, тірлік кеніші – бірліктен туатын елдік қуат күшейгенде барып құритынын айқын жеткізген.

Бірнеше халықаралық әдеби сыйлықтың лауреаты, қазіргі қазақ прозасының көрнекті өкілі Қуаныш Жиенбайдың «У мен уылдырық» атты прозалық жинағы Қазақстан Республикасының Абай атындағы Мемлекеттік сыйлығына лайық деп білемін.

Әлімұрат САТЫБАЛДИЕВ,
қаламгер

– Нурила Беркенқызы, халық арасында кең таралған әртүрлі жұқпалы ауруларды емдеу әдісі – антибиотиктерді дұрыс қолдану туралы айтып берсеңіз. Оның тиімділігін зерттеуде қандай ғылыми жұмыстар қолға алынды?

– Мен медицина саласында, оның ішінде микробиология және вирусология ғылымдары бойынша 50 жылға жуық ғылыми-педагогикалық еңбек өтілі бар маманмын. Өзімнің зерттеу жұмысым әртүрлі іріңді-қабынбалы ауруларды тиімді емдеу әдістерін анықтауға бағытталған. Сонымен қатар жұқпалы аурулардың қоздырғыштары мен оларды емдеу әдістерін оқытатын бейінді кафедралада жұмыс істеп жатқандықтан ғылыми-зерттеу жұмыстарымыз көбіне бактериялардың антибиотиктерге сезімталдығы мен төзімділігін анықтауға, әртүрлі емдеу мекемелерінен бөлініп алынған бактериялардың антибиотиктерге төзімділігін бірнеше жыл динамикада бақылауға, мониторинг жүргізуге, қажет болған жағдайда практикалық денсаулық сақтауға ұсынымдар дайындауға арналуда.

– Жалпы, бізде қандай ауруларға антибиотикалық ем тағайындалады? Оның ағзаға әсері қандай?

– Антибиотиктер бактериялардан туындайтын ауруларды ғана емдеу үшін қолданылады. Қайталап айтқан жөн, тек бактериялар туындаған жұқпалы ауруларды емдейді, олар вирустарға әсер етпейді. Антибиотиктердің артықшылығы – олар адам ағзасының иммундық жүйесі өздігінен жеңе алмайтын ауыр бактериялық инфекциялармен сәтті күреседі. Мысалы, пневмония, пиелонефрит, тонзиллит, мерез, туберкулез және басқа да аурулар. Антибиотиктер пайда болғанға дейін жұқпалы аурулардан болатын өлім-жітім жоғары болған. Антибиотиктер микроорганизмдермен әртүрлі тәсілдермен күресуі мүмкін, олардың көбеюін, өсуін, бөлінуін тежейді. Мұны бактериостатикалық әсер деп атаймыз немесе бактериялардың өлуіне себеп болып бактерицидтік әсер көрсетеді. Бұл екі механизм де тиімді және адам денсаулығының қалпына келуіне жағдай жасайды. Кез келген басқа дәрілер сияқты, антибиотиктер де дәрілік затты мен оның құрамына байланысты әртүрлі жанама әсерлерді туындатуы мүмкін. Барлық антибиотиктер үшін жалпы жанама әсерлерге аллергия-

ДӘРІГЕРДІҢ РҰҚСАТЫНСЫЗ АНТИБИОТИК ҚАБЫЛДАУ – ӨРЕСКЕЛ ҚАТЕЛІК

Қазіргі таңда кейбір ата-аналар баласы ауырса, алдымен дәріханаға тұра жүгіреді. Яғни, жұқпалы ауруларды емдеуге арналған антибиотиктің көмегімен баласын тез емдеп алғысы келеді. Ал осы антибиотиктерді бақылаусыз қабылдау қаншалықты зиян? Дәрігерлер қандай жағдайда антибиотик тағайындайды? Осы және өзге де сауалдар жөнінде Астана медицина университеті Ш.И. Сарбасова атындағы микробиология және вирусология кафедрасының профессоры, биология ғылымдарының кандидаты Нурила БЕРКЕНҚЫЗЫМЕН әңгімелескен едік.



лық реакциялардың, дисбактериоздың және тағы басқа патологиялық жағдайлардың дамуы жатады.

– Пациенттерге дәрігердің рұқсатынсыз қабылдауға бола ма? Денсаулыққа қандай қауіптері бар?

– Пациенттерге дәрігердің көмегінен қандай жұқпалы ауру дамып жатқанын өздігінен анықтау қиын. Ол бактериядан дамыды ма, әлде вирустан, саңырауқұлақтан, паразиттерден дамыды ма, тіпті болмаса иммундық жүйеде бұзылыстар немесе аутоиммундық процестердің дамуы орын алғандықтан дамыды ма, оны маманның қарап, тексеруіңіз болжап айтуға болмайды. Міндетті түрде пациенттің клиникалық көріністеріне – симптомдарына, физикалық қарап-тексеру (температурасын, қан қысымын өлшеу, өкпені тыңдау) нәтижелеріне және зертханалық талдау нәтижелеріне қарап кешенді шешім қабылдау керек. Антибиотик тағайындамас бұрын пациент бактериологиялық зерттеуге биоматериал тапсыруы қажет. Егер пневмония дамыса – қақырықты бактериологиялық зерттеу, пиелонефрит дамыса – зәрді зерттеу, теріде іріңдік дамыса – іріңді зерттеу жүргізілуі қажет. Бактериологиялық зерттеу нақты қандай бактерия осы ауруды дамытқанын және қандай антибиотиктерді

тағайындауға болатынын көрсетіп береді.

Әдетте пациенттер дәрігерге жүгінуден бас тартып, өздігінен немесе жанындағы адамдардың кеңесімен антибиотиктерді сатып алып, ем қабылдап жатады. Бұл өрескел қателік. Мысалы, адам тұмаумен ауырып, бірден антибиотик қабылдауға кірісті. Ал мұндай жағдайда антибиотик көмектеспейді, өйткені ол тұмау вирусына қарсы әсер етпейді, сонымен қатар иммундық жасушаларды басып тастайды, бұл аурудың асымына теріс әсер етеді. Сонымен қатар, вирустық инфекция бактериялық инфекциямен бірге жүруі мүмкін және бұл жерде антибиотик қажет, бірақ оны алдын ала қабылдау пайдасыз. Антибиотикпен профилактика жүргізбейді, ол тек бактерияны зертханалық жолмен нақты бөліп алғаннан кейін ғана тағайындағанда әсер етеді, оның жасуша қабырғасына жабысып, өлтіреді.

– Зертханалық талдаулар тағайындау қажет деп қалдыңыз. Оқырманьымыз біліп жүруі үшін антибиотиктерді қабылдамас бұрын қай кезде міндетті зертханалық талдау жүргізу қажет?

– Бактериялар туындатын кез келген ауру үшін олардың антибиотиктерге сезімталдығын анықтаған дұрыс. Ауыр инфекциялық жағдайларда,

терінің, сілемейлі қабықтардың немесе ішкі органдардың іріңді-қабынбалы ауруларына күдік туындағанда, сонымен қатар пациентте иммунитет тапшылығы жағдайлары болған кезде міндетті түрде бактериологиялық зерттеу жүргізуі қажет. Дене температурасының 3-5 күннен артық жоғары сандағарға дейін жоғарылауы да бактериологиялық зерттеудің көрсетілімі саналады. Бір күндік температура үшін антибиотикотерапия көрсетілім емес. Және бір ескертін жайт, антибиотик қабылдағанда міндетті түрде 5-7 күн толық курспен, белгілі бір уақытта ғана қабылдау қажет. Яғни дәрігердің берген нұсқауын қатаң түрде сақтау қажет.

– Осы жерде мойындау керек, көбіміз ем қабылдағанда толық курс қабылдамайтынмыз белгілі. Тіпті жағдайымыз сәл жақсарса болды, ішіп жүрген дәрілерден бас тарта саламыз. Оның салдары не болмақ?

– Антибиотикті толық курс алғанда ғана бактериялар өледі. Егер курс үзілсе, онда осы уақыт ішінде бактериялар антибиотик әсерінен тек әлсірейді, бірақ толық өлмейді. Бір-екі күн ішінде аурудан жазылып кеттім деп немесе температура түсті деп антибиотик қабылдауды тоқтата салуға болмайды. Толық 5-7 күндік курсты ішіп бітіру керек.

Себебі, ағзада қалып қойған патогенді бактерия қайта бас көтеруі мүмкін немесе созылмалы формаға, бактерия тасымалданушылыққа айналуы мүмкін. Әрі қазіргі заманның ең өзекті мәселесі – бактериялар сол антибиотикке генетикалық және биохимиялық тұрғыдан үйренісіп алып, оларға төзімділік көрсетуі мүмкін. Келер жолы дәл осы бактерия популяциясына дәл осы топтың антибиотиктері мүлдем әсер етпеуі мүмкін.

– Антибиотиктерге төзімділік дегеніміз не? Неліктен бұл өзекті мәселеге айналып отыр?

– Антибиотиктерге төзімділік – бактериялардың антибиотикті сезбеуі, оған үйренісіп алып, химиялық жоюшы агент ретінде қабылдамауы. Яғни, бактерия антибиотикті танып алады да, келер жолы емдегенде тиімсіздік көрсетеді.

Дүниежүзілік денсаулық сақтау ұйымы соңғы онжылдықта антибиотиктерге бактериялардың төзімділігі жылдан-жылға жылдам дамып жатқаны жайлы және инфекциялық бақылауды күшейтеу қажет екендігі туралы дабыл қағуда. Антибиотиктерге бактериялардың тарапынан төзімділік дамуының бірнеше себептері

бар. Олар: антибиотикалық препараттарды бақылаусыз, ретсіз кеңінен қолдану; көрсетілмедірсіз қабылдау; оны қабылдаудың режимдерін бұзу; азық-түлік өнімдерінің құрамындағы антибиотиктердің мөлшерінің қадағаланбауы.

Бактериялар – ең қарапайым организмдер, бірақ олар барлық тірі ағзалар сияқты өз өмірін сақтауға тырысады. Сондықтан да олар антибиотиктерге бейімделуге тырысады, өздерінен антибиотик әсерінен қорғайтын түрлі химиялық заттар өндіріп шығарады, бактерияның антибиотиктерге бейімделуі соншалықты, оны өзі үшін қоректік орта ретінде пайдалана бастайтын жағдайлар да болады.

Осы себептердің барлығы белгілі бір антибиотикке немесе тіпті барлық антибиотиктер төзімді бактериялардың пайда болуына әкеледі, сондықтан қазір әлемде өте ауыр өтетін, өлімге әкелетін жұқпалы аурулардың пайда болуына себепші болатын «супербактериялар» пайда болды. Бұл мәселе тек отандық медицина үшін емес бүкіл әлем үшін өзекті. Қазіргі таңда жаңа антибиотиктер ашылып жатқан жоқ, олардың жаңа түрлерін ойлап табу өте қиын. Ал бактериялар қолымызда бар, қолданыстағы антибиотиктерге қарқынды түрде төзімді болып келе жатыр. Бактерияларға қарсы жаңа антибиотиктер ойлап таппасақ немесе емдеудің жаңа инновациялық әдістері туралы ойланбасақ, алдағы жүз жылдықта «супербактериялардан» туындайтын қауіп бірнеше есе артады.

– Түсінікті. Ал антибиотиктерге төзімділік дамуымыз үшін пациенттер өз тарапынан қандай үлес алады?

– Антибиотиктерге төзімділік дамуының алдын алудың ең тиімді жолы – антибиотиктерді тек дәрігерлердің нұсқауы бойынша қабылдау және емдеу режимін толық сақтау. Антибиотиктерді қабылдаудың барлық шарттарын сақтау маңызды, ол туралы дәрі-дәрмекке арналған нұсқаулықтан да қосымша оқып, танысуға болады.

Сөз соңында, халықты өз денсаулығына мұқият қарап, ем қабылдауда дәлелді медицинаға сүйеніп, денсаулыққа қатысты ақпаратқа сауаттылықпен қарауға шақырамын.

– Әңгімеңізге рахмет!

Дайындаған Гүлмира АЙМАҒАНБЕТ

ЭНЕРГЕТИКАЛЫҚ СУСЫНДАР САТУДЫ ШЕКТЕУ КЕРЕК

Ұлттық статистика бюросының деректеріне сүйінсек, 10-63 жас аралығындағы 14 миллионға жуық азамат энергетикалық сусын тұтынуы мүмкін. Ал 10 жастан 21 жасқа дейінгі барлық халықтың 3,2%-ы аталмыш сусынды күн сайын ішеді.

Қазіргі таңда ел арасында «Горилла» деген энергетикалық сусындар танымал болып кетті. Red Bull, Dizzy, Gorilla, GGG сияқты тағы басқа сусындардың бір құтысын ішсеңіз, шаршағаныңызды ұмытасыз. Себебі ұйқы қысу процесі басылады. Бірақ, энергетикалық сусындардың зиян екендігін естісек те, нақты қандай дертке шалдықтыратынын біле бермейміз. Энергетикалық сусындардың құрамындағы кофеин жүйке жүйесін әлсіретеді. Оның әсері 3-5 сағат сақталады, бұдан кейін ағзаға демалыс қажет. Глюкоза болса қанға тез сіңіп, қышқылдандыратын процестерге қатысады және бұлшық ет, ми және басқа да маңызды мүше-


лерді энергиямен қамтамасыз етеді. Қазір үлкендер тұрмақ, жас адамдардың кенеттен жүрек тоқтауынан, инфаркттен көз жұмуы жиілеп кетті. Өйткені бұл сусындардың құрамында қант пен кофеин басымдық. Қантты адам ағзасын ақырын тұншықтыратын таяғалға теңеуге болады. Мәжіліс депутаттары «Денсаулық сақтау туралы» заң жобасы аясында 21 жасқа толмаған тұлғаларға энергетикалық сусындарды сатуды шектеу, сондай-ақ оларды автоматтар, басқа да электронды немесе механикалық құралдар арқылы сатуға шектеу қоюға бастамашы болды. Алайда жастар, әсіресе жасөспірімдер энергетикалық

сусындарды тұтынуды жалғастыруда. Қан қысымын жоғарылататындықтан инфаркт пен инсульт тудыруы мүмкін, деп ескертеді дәрігерлер.

Инсульт адамды мүгедектікке немесе өлімге әкелуі мүмкін. Невропатолог Гүлфия Әмірханованың айтуынша, егер өткен жылмен салыстыратын болсақ, онда инсульт пен инфаркт жиілеп кетті. Бастапқы белгілердің бірі – беттің, қолдың, сөйлеудің бұзылуы. Екінші аурудың белгісі – бұл айтылып кеткен белгілердің пайда болу уақыты.

«Егер жақын адамдарыңыз инсульт алса, жедел жәрдемге дереу қоңырау шалу қажет. Егер ұзақ уақыт күтуіңіз керек болса, онда оны жақын жердегі ауруханаға тезірек апаруға тырысыңыз.

Инсультке әкелетін себептерге байланысты емдеу әртүрлі болады. Жалпы, егер бұл қан ұйығышы болса, онда тромбэкстракция немесе тромболит болуы мүмкін. Екеуі де



пайда болған қан ұйығышын жоюға бағытталған. Толық қалпына келтіру мүмкіндігі әрдайым жағдайдың ауырлығына, науқастың өзіне және оның емделуге деген ұмтылысына байланысты. Ең ауыр науқас аяғындағы оңалтудың 3-кезеңіне келуі мүмкін жағдайлар болғанда, алғашқы көмек дұрыс көрсетілуі, осы науқастың одан арғы күтімі қадағалануы қажет» дейді Гүлфия Анарбекқызы.

Инсультпен ауыратындарды емдеу

мен сауықтыру ұзақ уақытты талап етеді. Сондай-ақ, өлім пайызы жоғарылап, әлеуметтік бедел мен еңбекке қабілеттіліктің төмендеуі байқалады. Инсульт алған соң жедел жәрдем келмей тұрып, алғашқы көмек берудің маңызы зор. Ең бастысы, жастардың энергетикалық сусындардан бас тартқаны абзал.

Зере АМАҢГЕЛДИНОВА,
Astana IT University студенті

№83 (4671) 13/07/2024 Сенбі

СӘКЕННЕН ҚАЛҒАН ҚҰНДЫ ЖӘДІГЕРЛЕР

Астанадағы Сәкен Сейфуллин музейінде «Сәкеннің көзі – құнды жәдігер» атты көрме өтіп жатыр. 15 шілдеге дейін жалғасатын көрмеде музей қорында сақталған құнды жәдігерлерді тамашалауға болады.



Соның бірі – кофе ұнтақтағышы. Бұл жәдігерді Сәкен Сейфуллин Қызылорда Халық ағарту институтының ректоры болған кезде, 1927-1928 жылдары қолданған. Мұражайға оны белгілі ақын, драматург, әнші, актер Қанат Жүнісов тапсырды. Ал майсалғыш және шыны-

ақ – Сәкен Сейфуллиннің отбасы тұтынған ыдыстар. Олар 1930 жылы Ресейдің «Синторг» дүкенінен сатып алынған. Ыдыстарды Сәкеннің жары Гүлбаһрам Сейфуллина немере сіңілісі Софья Абдулловна беріп, келешекте Сәкен музейі ашылса музейге табыстауын өтінген.



STREET-ART ЖАНРЫНДАҒЫ ФЕСТИВАЛЬ

Елордада көркем сурет өнеріндегі Street-art жанрының кәсіби шеберлерін, сондай-ақ әуесқой суретшілерді біріктіретін «Astana Graffiti Festival» ашылуы өтті. Іс-шараны Қазақстан Республикасы Президенті Іс басқармасының Президенттік орталығы Н.Назарбаев қорымен және Smartteam management-пен бірлесе ұйымдастырды.

Айгүл УАЙС

Фестиваль көше өнерін әлеуметтік маңызы ақпаратты визуализациялау құралы ретінде танымал ету, сондай-ақ street-art жанрында жұмыс істейтін кәсіби және әуесқой авторларға олардың шығармашылық әлеуетін дамыту және жүзеге асыруда қолдау көрсету мақсатында өткізіледі.

Қазақстан Республикасы Президенттік орталығы директорының орынбасары Бөтағез

Қайыпова өзінің кіріспе сөзінде креативті жобаға табысты бастама және жемісті жұмыс тілеп, граффити суретшілері жасаған жұмыстар заманауи өнердің дербес жанры, мәдениет пен қалалық өмір салтының ажырамас бөлігі болып табылатынын атап өтті.

Суретші, әрі мүсінші Сырым Мүсірептің айтуынша «Astana Graffiti Festival» халықаралық аренада қазақстандық өнердің мәдени алмасуына және ілгерілеуіне, граффити-мәдениетті оң қабылдауды қалыптастыруға және дамытуға, жастар

мәдениеті құндылықтары жүйесін дамытуға ықпал ететін болады. Өз кезегінде жоба үйлестірушісі Елден Сарыбай ниет білдіргендердің барлығын мәдени іс-шараға қатысуға шақырып, кейіннен бұл алаңда қызықты идеялар мен бірегей көркем туындылар пайда болатынына сенім білдірді.

Іс-шара аясында танымал суретшілер Лейла Махат, Ульяна Евдокимова, Николай Селютин, Сағндық Дағаров және т.б. бейнелеу өнерінің алуан түрлері бойынша шеберлік сыныптар, дәрістер, қойылымдар өткізілуі жоспарлануда.

Қазақстан Республикасы Президенттік орталығы ғимаратының алдындағы алаң бір ай ішінде street-art галереясына, суретшілердің еркін шығармашылығына арналған алаңға айналады. Фестиваль суретшілер арасындағы бәсекеңі қамтымайды, маңыздысы тек өнер ғана.

ЖАҚСЫ КІТАП – ЖАН АЗЫҒЫ

Бас қалада «AMANAT» партиясының «Кітап-Amanat» жобасы аясында Қазақстан Жазушылар одағының мүшесі, «Алтын тобылғы» әдеби байқауының лауреаты, жас қаламгер Есбол Нұрахметтің «Таусылмас түн» кітабының талқылауы өтті.



«AMANAT» партиясының Астана қалалық филиалы ұйымдастырып өткізген бұл іс-шараға елордадағы ақын-жазушылар, студенттер, сондай-ақ кітапсүйер қауым қатысып, жаңадан жарық көрген кітаптың мазмұны мен

мәйегіне тоқталды. «Кітап-Amanat» жобасы әдебиетке деген қызығушылықты арттыруға, жұртшылықты кітап оқуға ынталандыруға, авторлар мен кітап шығарушыларды қолдауға бағытталған. – Оқырманға қолжетімді бағада

кітап сататын дүкендер желісін ашу, сондай-ақ жақсы кітаптарды оқырмандарға таныстырып, жастарды кітап оқуға баулу мақсатында атқарылған «Кітап-Amanat» жобасы аясында қазірге дейін 17 облыс, 3 қалада жиырма кітап дүкені ашылды. Бұл дүкендердің кітаптары әлі толықтанып жатыр, болашақта «AMANAT» партиясы бұл жобаны аудандарға, одан әрі ауылдарға дейін кеңейтуді жоспарлап отыр. Кітапханалардың кітап қорын молайта түсу үшін авторлармен де тығыз жұмыс істеп жатырмыз. Сол игілікті іс-шараның басын жас жазушы Есбол Нұрахметтің «Таусылмас түн» кітабын талқылаудан бастап отырмыз. Болашақта бұл үрдіс ұдайы өз жалғасын табады, – деді «AMANAT» партиясының Астана қалалық филиалы саяси жұмыс бөлімінің басшысы Әбдігани Бәзілханұлы.

АҚТӨБЕЛІК ҚАЛАМГЕРДІҢ ТАРТУЫ

Астана қаласы Есіл аудандық Белсенді ұзақ өмір сүру орталығында ақтөбелік қаламгер және сазгер Гүлсамал Аймахановамен «Ән-жырым саған, туған ел!» тақырыбында кездесу өтті.

Өнерпаз қонақ өлеңдері енген жас ақындардың «Мерейлі мекен» жинағы, «Көкемарал», «Еділкігул» және басқа да жыр кітаптары туралы айтып, өлеңдерін оқыды. Өнермен өрілген өмірінің қуаныш пен сынаққа толы сәттерімен бөлісті. Эдуард

Глумовтың өзінің өлеңіне жазылған «Айналайын, Нұр-Астанам!» әнін тарту етіп, сөзі мен нотасын ұсынды. Гүлшат Әлінің Гүлсамал Аймаханованың «Махаббат аңыз» атты өлеңіне жазылған әні орындалды. Ақтөбелік қаламгер қыз-

ға Белсенді ұзақ өмір сүру орталығының жұмысы таныстырылды. «Асыл мұра» домбырашылар ансамблі «Тойбастар» күйін орындады. Жеке дауыста орындалған Абайдың «Көзімнің қарасы» әні көпшіліктің көңілінен шықты.

Кездесуде тіл тақырыбы да қамтылды. Қазақ тілі құрметтелмесе, осы тілде сөйлемесе, онда жазушылар не үшін, кім үшін жазады дегендей ойлар айтылды. Қазақ тілінде шығатын газет-журналдарға жазылу, оларды оқу маңызы жайында әңгіме қозғалды.

ТӨРТІНШІ МАУСЫМ ТАБЫСЫ

14 шілде күні сағат 19:00-де Астана қаласы әкімдігінің Музыкалық жас көрермен театры өзінің IV театр маусымын көрнекті жазушы-драматург, Мемлекеттік сыйлықтың иегері, Қазақстанның Еңбек Ері Дулат Исабековтың «Гауһартас» музыкалық драмасымен салтанатты түрде жабады. Музыкалық драманың қоюшы режиссері және сахналық нұсқасын жасаған – Қазақстанның еңбек сіңірген қайраткері Асхат Маамиров.

Көрнекті жазушы-драматург Дулат Исабековтің тырнақалды көлемді прозалық туындысы «Гауһартас» повесінің сахналық нұсқасына ата кәсіп шопандықпен айналысып, қарапайым ғана тіршілік кешкен шағын отбасының шынайы өмірі мен кісілік келбеті арқау болған.

Ашылғанына төрт жылдай уақыт өткен Музыкалық жас көрермен театры үшін былғы маусым да табысты болып, жеті жаңа премьераның тұсауы кесілді. Осы

маусымда театр қоржынына «Мәңгілік мұңның әуені» музыкалық-поэтикалық концерті, «Қоштасқым келмейді...» музыкалық драмасы, «Қар ханшайымы» музыкалық ертегісі, «Мадемуазель Нитуш» опереттасы, «Махаббат жағалауы» психологиялық драмасы және «SHOCK қыздар» комедиясы еніп, театрдың репертуарындағы жалпы қойылымдар саны 23-ке жетті. Көрермендерге 308 мәрте спектакль ұсынылып, бұл қойылымдарды 71 636 көрермен тамашалады.



www.astana-akshamy.kz

Редакция қолжазба иелерінің пікірлері мен көзқарасын бөлісуі шарт емес.



Газет ҚР Ақпарат және коммуникациялар министрлігінің Ақпарат комитетінде 23.05.2018 ж. тіркеліп, №17120-Г куәлігі берілген. Меншік иесі: «Elorda Aqparat» ЖШС
Директор – Олжас СЫДЫҚБЕК

Бас редактордың міндетін уақытша атқарушы – Ғалым ҚОЖАБЕКОВ

Газетте жарияланған материалдарды сілтемесіз көшіріп басуға болмайды.

Газет сейсенбі, бейсенбі және сенбі күндері шығады.

Жарнама мен хабарландырулардың мазмұнына жарнама беруші жауап береді.

Газет «ASTANA AQSHAMY» газеті редакциясының компьютерлік орталығында теріліп, қатталды.

Тираж – 5100. Апталық таралымы – 15 300

Тапсырыс №83

Баспахана: Астана қаласы,

Сілеті көшесі, 30-үй

«Медиа-холдинг «ERNUR» ЖШС

Редакция мекенжайы: 010000, Астана қаласы, Достық көшесі, 13, «Нурсая-2» ТК

Қабылдау бөлмесі: тел./факс: +7 (7172) 42-43-81
Тілшілер бөлімі: 42-41-03
Жарнама: 42-43-52
Va-reklama@mail.ru

aqsham1990@mail.ru

Кезекші редактор – Гүлмира АЙМАҒАНБЕТ